

ЖАҢАЛЫҚТАР

Жетісу облысында жеке үйде өрт болып, үш бала мерт болды

27 қыркүйек 2026 жыл, 07:33



Жетісу облысының картасы.

Жетісу облысы Ескелді ауданы Бақтыбай ауылындағы жеке үйде өрт болып, үш бала мерт болды. Ауыр оқиға 25 қыркүйекте болды. Бұл жөнінде Inbusiness сайты жазды.

Өрт кезінде балалардың анасы 13 жастағы баласымен үйден шығып кете алған. Тағы үш бала үйдің ішінде қалған.

Оқиға орнына келген құтқарушылар өртті сөндіру кезінде үйден 1 жас, 6 жас және 8 жастағы баланы өлі күйде тапқан.

Өрттің неден шыққаны әзірге белгісіз. Мамандар ауыр оқиғаның себеп-салдарын анықтап жатыр деп айтылады.

- Қазақстанда өрттен балалар қаза тапқаны жайлы хабарлар жиі шығады. Мәселен, сәуірде Астанада көпқабатты үйде шыққан өрт салдарынан үш бала **мерт болды.**
- Оның алдында қаңтарда Павлодар облысында жер үйдегі өрттен екі бала көз жұмды. Сол айда Солтүстік Қазақстан облысындағы Жұмабаев ауылында жер үйде өрт шығып, ер адам балаларымен қаза тапқан.
- Былтыр 18 қарашада Түркістан облысы Алғабас ауылындағы екі қабатты жеке меншік үйде шыққан өрттен 12 адам мерт болды, тоғызы – кәмелетке толмаған бала. 4 маусымда БҚО Жымпиты ауылындағы тұрғын үйдегі **өрттен** бес бала көз жұмған еді.
- 2025 жылы қаңтарда Қарағандыда өрт орнынан екі баланың денесі **табылған.** 2024 жылы күзде Астанадағы жеке үйлердің бірінде **өрт шығып**, 13, 9, 3, 2 жастағы төрт бала көз жұмған. Оның алдында Қостанай облысы Жітіқара қаласында жеке үйде өрт болып, бес бала өлі табылған.
- 2019 жылы ақпанда Астананың Көктал-1 шағын ауданында уақытша баспана өртеніп, бір отбасындағы кішкентай бес қыз бала **опат болған.** Бұл оқиға елде үлкен резонанс тудырған еді.
- 2024 жылы Қазақстанда 12 жасқа дейінгі балаларды үйде қараусыз қалдыруға тыйым салуды **ұсынған.** Төтенше жағдай департаменттері жұртты жер үйде өрт ережелерін сақтауға, балаларды үйде қараусыз қалдырмауға шақырған.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ